

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің педагог-психологтарының
2019-2020 оқу жылындағы психопрофилактикалық бағыт бойынша
атқарған жұмыстары.**

2019 жылы қыркүйек айының алғашқы апта күндері мектептегі педагог-психологтың жылдық жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарыла басталды. Жоспар «Түркістан облысы әкімдігінің 20 сәуірдегі №111 қаулысындағы бекітілген» ережелерге сәйкес құрылған, толығымен соған сәйкес іске асырылып отыр.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 3 сынып оқушыларымен жұмыс жүргізілді. **Әдістеме тақырыбы:** "Кактус" , "Жаңбыр астындағы адам" .

Әдістеме мақсаты: Баланың эмоциялық сферасының жағдайын, ашушаңдығын және оның қарқынын айқындау. Адамның эго күшінің диагностикасына жағымсыз жағдайларға қарсы тұру қабілеттілігін анықтауға бағытталған. Әдістемеге барлық 3 сынып оқушылары қамтылды.

Балалардың суреттерінен отбасылық қамқорлыққа ұмтылу мен жағымды психологиялық ахуал көрініп тұр. Жалғыздықты сезіну немесе жалғыздыққа ұмтылу, отбасындағы нашар психологиялық ахуал белгілері байқалмады. Тек бірінші диагностикада 3 "Б"сынып оқушысы Н.Ғ , 3 "В" сынып оқушысы У. А, 3 "Г" оқушысы Ж.А. қобалжу, сенімсіздік белгілері байқалды. Бірінші диагностикадан қобалжу, сенімсіздік деңгейі байқалған оқушылар, түзету-дамыту жұмыстарынан соң, екінші диагностикада қалыпты деңгейді көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫСЫ: 3 сынып оқушыларының мінез-құлық дамуында ешқандай ауытқушылық белгілері жоқ, мінез-құлық ерекшеліктері қалыпты, нормаға сай дамуда, қарым-қатынас жасау мәдениеттілігі де, өзара қарым қатынас жасау ерекшеліктері де қалыпты, жас ерекшеліктеріне сай дамыған. №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің мектепалды даярлық сынып оқушыларына психодиагностикалық зерттеу: балалардың ойлау қабілетінің дамуын, зейіннің даму деңгейін, есте сақтау қабілетін анықтау мақсатында жұмыс жүргізілді.

0"Ә"сыныбы - тәрбиешісі Бидашова Клара: балалардың ойлау қабілеттері, зейіні ,есте сақтау қабілеттері жақсы , нормаға сай. Е.А. зейіні, есте сақтауы нашар. Әлі де бар ойы ойын ойнау.

0"Г"сыныбы, тәрбиешісі Темирова Нағима: балалардың жалпы психологиялық дамуы нормаға сай.

0"Д" арнайы сыныбы, тәрбиешісі Сарыбаева Дина: балалардың ойлауы, қабылдауы, есте сақтау қабілеттері нормаға сай. Тек М. зейіні шоғырланбаған, оқу әрекетіне қарағанда ойын әрекетіне жақын.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің оқушыларымен психокоррекциялық жұмыс жүргізілді (2-5.09.2019). Жұмыстың мазмұны: жеке тұлғасында жағымсыз мінез-құлықты түзету. **«ҚҰПИЯ» тренинг-жаттығуы** жүргізілді.

Тренинг-жаттығу мақсаты: оқушыларды өзара тіл табысуға, ой-пікірлерімен бөлісе алуға машықтандыру.

Тренинг-жаттығу барысы: бастапқыда оқушылар өздерін еркін ұстай алмады, қорапшадан сыйлықтарды алып, қысылып тұрды, өзгелермен қатынас жасай алмады. Топтағы жағдайды жайлы етіп өзгерту үшін оқушылармен әзілдесіп, көңілдерін көтеріп қойған соң, оқушылар бір-біріне күлімсіреп қарай бастады. Бір-біріне еркін сөйлеп, кім қандай сыйлық алғанын білгісі келген оқушылар бір-бірімен вербальды қатынасқа түсе бастады. Тек қана Келесбек Алина тұйықтық танытты, тренинг ережесіне сәйкес өзгелермен келіссөзге келу үшін көмек көрсетілді.

Қорытынды: оқушылардың бойындағы негативизмді жою үшін әрқашанда олардың бойындағы жақсы-жағымды қасиеттерін байқап, дамытып отыру қажет.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде **«ШАҢЫРАҚ»** шығармашылық тобының 2019-2020 оқу жылының I - II – тоқсанындағы жұмыс жоспарын сәйкес 4 «а» сыныбында **«ӨМІР СҮРГІМ КЕЛЕДІ!»** аутотренингі желтоқсан айының 9-күні өткізілді.

Аутотренинг мақсаты: оқушылардың қоршаған ортамен, өзгелермен және өзімен үйлесімде өмір сүруге дағдыландару, ұжымда қарым-қатынас жасай білу мәдениетін қалыптастыру.

Маңызы: Баланың **«ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА»** өрбу процесін дұрыс қалыптастыру.

Тренинг 6 кезеңнен тұрады:

- ❖ «Гүл шоғы» тренингі – 10 мин.
- ❖ «Суретті жалғастыр» тренингі – 8 мин.
- ❖ «Қағаз орау» тренингі – 10 мин.
- ❖ «Даусымнан таны» тренингі – 5 мин.
- ❖ «Сиқырлы орындық» тренингі – 7 мин.
- ❖ Қорытындылау кезеңі – 5 мин.

Оқушылар тренинг барысында өздерін барынша еркін ұстап, өз ойларын ашық айтты, ойын ережелерін бұзбай, тренингке белсенді қатысты. Тренинг өз мақсатына жетті.

Аутотренингтің тиімділігі: балалардың қарым-қатынас жасау мәдениетін нығайту, өзінің индивид екенін сезіне білуі, өзгелердің ой-пікірін құрметтеу секілді жақсы қасиеттерді қалыптастыру.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 4-сынып оқушыларымен коррекциялық жұмыс жүргізілді.

Аутотренинг мақсаты: үрей-қорқынышты сейілту, ұжымда қарым-қатынас жасай білу мәдениетін қалыптастыру.

Тренинг 6 кезеңнен тұрады:

- ❖ «Гүл шоғы» тренингі – 10 мин.
- ❖ «Суретті жалғастыр» тренингі – 8 мин.
- ❖ «Қағаз орау» тренингі – 10 мин.
- ❖ «Даусымнан таны» тренингі – 5 мин.
- ❖ «Сықырлы орындық» тренингі – 7 мин.
- ❖ Қорытындылау кезеңі – 5 мин.

Оқушылар тренинг барысында өздерін барынша еркін ұстап, өз ойларын ашық айтты, ойын ережелерін бұзбай, тренингке белсенді қатысты. Тренинг өз мақсатына жетті.

Аутотренингтің тиімділігі: балалардың қарым-қатынас жасау мәдениетін нығайту, қысым жасалған жағдайда өзін еркін сезіне алуға дағдылану. өзгелердің ой-пікірін құрметтеу секілді жақсы қасиеттерді қалыптастыру.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебіндегі 1 «а», 1 «ә» және 1 «б» сынып оқушыларының ұжымның қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу жұмысы жүргізілді. Психодиагностикалық бағыт бойынша жұмыс жүргізілді, зерттеу әдістемесі – **«Шуақты күн» тренингі.**

Тренингтің мақсаты: ойын арқылы оқушылардың ойында әр түрлі ережелерді сақтауға үйрету.

Тренингтің тиімділігі: оқушылардың ұжымдағы қарым-қатынасын анықтауға болады, гипербелсенді (гиперактивный), тұйықтау балаларды анықтауға болады.

Тренинг барысы: балалар шеңбер құрып, бір-біріне жылы тілектерін айтып, қолдарын ұсынады, бәрі қол ұстасып күн бейнесін бейнелейді, күн жылу беретіні секілді, оқушылар да бір-біріне жан жылуын сыйлайды.

Бұл оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді – **«Ырғақты би» тренинг-ойыны.**

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 4-сынып оқушыларымен коррекциялық сабақ жүргізілді.

«Менің жан-жақты ерекшеліктерім» тренинг-жаттығуы жүргізілді.

№2 Ж. Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 4-сынып оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктеріне диагностика жүргізілді.

«Менің жан-жақты ерекшеліктерім» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме жүргізу барысында оқушылар өздерінің жағымды –жағымсыз жақтарын қағаз бетіне түсіріп, іштей бейсаналық түрде өздеріне есеп беруге дағдылануды үйренді. Нәтижелерді талдау барысында айқындалаған жағдай оқушылардың басым көпшілігі қарым-қатынасқа тез түсетіні, ашық өз ойларын еркін білдіре алатындығы байқалды.

№2 Ж. Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 3-сынып оқушыларынан «Оқушы қабілетін анықтау мақсатында» сауалнамалар алынды. Сауалнама үлкен етіліп тақтаға ілініп қойылды. Осы сөйлемнің ішінен «Сіз не себепті оқисыз?» сауалнама – сұрақтарының ішінен өзіне көбірек келетін сөйлемнің нөмірін жазу керек. Барлық түрткілердің ішінен - мазмұндық түрткіні, яғни № 8, 12 нөмірді белгілеген оқушылар саны көп.

Яғни, оқушылардың көпшілігі жаңа нәрселерді білуге және көп білім алуға талпынатыны байқалды. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығы жақсы, қалыпты деңгейде.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 15-18.11.2019ж мұғалімдердің сұранысы бойынша мінез-құлқы қиын балалармен жұмыс жүргізілді.

Сұраныс жасаған мұғалімдер:

1 «Ә» сынып жетекшісі Мырзахасова Б.–А.А. (зейін тұрақсыздық)

1 «Ғ» сынып жетекшісі Сыздыкова С- Б.Е.(зейін тұрақсыздық)

1 «Г» сынып жетекшісі Рсалиева Л - Н.Ғ (логопед кабинет)

1 "В" сынып жетекшісі Сабинова Қ - Ш.Н.(таным процестері төмен)

1 "А" сынып жетекшісі Жумабаева Г. - А.Б, О.Д (таным процестері төмен)

3"Г" сынып жетекшісі Қадырова Г. - О.Д.(баланың сабаққа қатысқысы келмеуі)

Сынып жетекшілердің сұранысын негізге ала отырып, оқушылармен жұмыс жүргізілді - сырттай бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сурет салу терапиясы, түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Түзету-дамыту жұмысының нәтижесі бірден байқалмайтынын ескерсек, балалардың көрсеткіштері де әртүрлі болады, соған сәйкес алдағы уақыттарда да осы балалармен жұмыстар жүргізілетін болады.

Нәтижесі : жүргізілген жұмыстардан нәтиже көрсеткен -1 «Ә» сынып оқушысы А. Е, 1"А" сынып оқушысы У.З, 3"Г" сынып оқушысы О.Д. өз ойын еркін айтып, мұғалімнің сөздерін тыңдап, оқуға деген қызығушылықтары артты .

03-04.12.2019ж. №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 3 сынып оқушыларымен жұмыс жүргізілді.

Іс-шара тақырыбы: "Социометрия" әдістемесі.

Әдістеме мақсаты: 3 сынып оқушыларының ұжымдық қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеу, оқушылар арасында бір-бірімен эмоционалдық байланысын анықтау және татулығын өлшеу.

Әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеуге арналған көптеген әдістемелер жасалған. Олардың көпшілігі мектеп психологиялық қызметінде сынып оқушыларының қарым-қатынас ерекшеліктерін, оқушының әлеуметтік статусын зерттеуге кеңінен пайдаланылып жүр. Қазіргі кезде ең жиі пайдаланылатын топты зерттеу әдістемесі социометрия деп айтуға болады. Социометриялық талдауды ұсынған және оны психологиялық зерттеулерде қолдану ережелерін жасаған Австрия ғалымы Джекоб Морено.


Нәтижесін талдау. Жиналған материалдардан социоматрица жасалынып талданды.

Қорытынды: сыныптағы оқушылардың ауызбіршілігі, бір-бірімен қарым-қатынасы қалыпты, нормаға сай екендігін байқауға болады. Сынып жетекшілерге ұсыныс берілді: сыныптағы оқшауланып (шеттетілген) оқушыларға көп көңіл бөліп, топтық, жұптасып жасайтын тапсырмалар беріп, қоғамдық жұмыстарға тартуы туралы айтылды.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебіндегі 1 сынып оқушыларымен психодиагностикалық жұмыс жүргізілді. (01-04.02.2020ж)

Таңдалған әдістеме: "Есте сақтау типін зерттеу", "Санды есте сақтау", "Сөздерді жаттау".

Әдістеме мақсаты: 1 сынып оқушыларының есте сақтау түрлерінің (көру, есту, қимыл-қозғалысты) ерекшеліктерін және деңгейін зерттеу, баланың қысқа уақытта есту көлемін анықтау, ес процесінің қайта жаңғырту түрін анықтау, тікелей емес есте сақтауды анықтау.



шырайлығын, дұрыс қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Тренинг барысы: тренингке қатысушылармен танысу (шаттық шеңбер құру), "Мен қандаймын" жаттығуы, "Мамандықты тап" ойыны, "Жанұя" ойыны, "Жүз жұмбақ" жаттығуы.


Оқушылардың тренинг-сабаққа қатысу белсенділіктері, құлшыныстары өте жақсы, әрбір ойын бөлімдерін қызықтап ойнайды, бар ынтасымен сұрақтарға жауап берді, бір-бірлеріне деген жақсы тілек сөздерін аямады, ойын ережелерін бұзбай, №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде жас мамандармен психологиялық жұмыс жүргізілді. (05-07.02.2020ж)

Жұмыстың мақсаты: жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп, көңіл-күйлерін көтеру, қарым-қатынасының белсенді стилін дамыту.

Сабақ өз мақсатына жетті, мұғалімдердің ситуациялық сұрақтарға жауап беруі, ойындарға қатысуы белсенді өтті, алға деген ұмтылыстары өте жақсы, ізденсем, білсем, үйренсем деген құлшыныстары жоғары деңгейде екендігі байқалды.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебіндегі даярлық тобы балаларымен психодиагностикалық жұмыс жүргізілді. (10-12.02.2020ж).

Жұмыстың мақсаты: балалардың есте сақтау түрлерінің (көру, есту, қимыл-қозғалысты) ерекшеліктерін және деңгейін зерттеу, баланың қысқа уақытта есту көлемін анықтау, ес процесінің қайта жаңғырту түрін анықтау, тікелей емес есте сақтауды анықтау.



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебіндегі 1 сынып оқушылары арасында "Жүректен-жүрекке!" тренинг-сабағы өткізілді. (17-18.02.2020ж.)

Тренингтің мақсаты: балалардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін, жылы барлық тапсырмаларды мұқият тыңдап, орындап отырды. жаманның айырмашылығын ажырата білуге үйрету.

Тренинг барысы: оқушыларға Ананың қандай жан екендігі туралы, адамзаттың өмірінде Ананың рөлі қандай екендігі туралы әңгіме жүргізіп, өлең жолдарымен түсіндіре, сезіндіре білу. Оқушылар өздерінің аналары туралы, өзінің өмірінде ананың рөлі қандай, оны қаншалықты жақсы көретіндігі туралы, анасының жақсы қасиеттері туралы айтып берулері ұсынылды.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 1-3 сынып оқушылары арасында жұмысы жүргізілді. (05-06.03.2020ж)

Іс-шара тақырыбы: "Балаларды салауатты өмір салтына дағдыландыру"

Іс-шараның мақсаты: балаларға дұрыс өмір сүру салтын насихаттау, денсаулықты қалыпты сақтау және оны күту туралы ақыл -кеңестер беру, денсаулыққа ненің пайдалы, ненің зиянды екенін түсіндіріп қана қоймай, санасына бекіту.Жаман, зиянды әдеттердің адам денсаулығына зияндығы туралы, оның адам өмірін қысқартып, өмірдегі көп қуаныштан айыратыны туралы насихат айту, бала санасына жеткізу.

Жұмыс барысы: оқушылар көздерін жұмып, өмірде дені сау, спортпен шұғылданатын, өзгелерге мейірімді, білімді адамның өмірін елестетіп, қандай тамаша екенін сезіндіре алу, ал керісінше, салауатты өмір салтын ұстанбай, спортпен шұғылданбай, адамдарға жамандық, қатігездік жасаудың түбі қандай қорқынышты екенін көз алдарына елестетіп, сезіндіре білу.

